



Цикл уроков: Ораза қабыл болсын

Еркінбек Шоқай: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Ассалаумағалейкум, құрметті жамағат! Аллах Тағала осы қасиетті айда барша ізгі амалдарды, құлшылықтарымызды қабыл етсін.

Құран – Алланың сөзі. Ал Рамазан айы – Құранның түскен айы. Рамазан айында Аллах Тағала Құранды аспан дүниесіне түсірген. Сондықтан, бұл айда біз Құранға көбірек көңіл бөліп, оқимыз. Неге? Себебі, Аллах Тағала Құран Кәрімде айтады:

«Алиф.Лям.Мим. Бұл сондай Кітап, бұл Кітапта ешқандай күдік жоқ».

Басқа бір кітаптарда қателер болып қалуы мүмкін немесе бір күмән түсіп қалуы мүмкін. Бірақ, оның барлығы Құранға қатысты емес.

«Кімде-кім Алладан қорқып, Алланың рақымына, Пайғамбардың шапағатына лайықты болайын деп өмір сүргісі келсе, Құран соларға тура жол».

Яғни, Құран бізді осы өмірде тура жолға бастайды, және ақіретте, Алланың Разылығына лайықты етеді. Яғни, бір сөзбен айтқанда, екі өмірдің бақытына жетелейтін Кітап. Аллах Тағала тағы бір аятта айтады:

«Бұл сондай Кітап. Ең тура жолға адам баласын бастайды. Кімде-кім ең

дұрыс істі, сөзді, әрекетті жасағысы келсе және ең дұрыс жолда болғысы келсе, онда Құранды оқып, Құранды үйреніп, Құранға амал етуге тиіс. Бұл Құран - ізгі амал жасаған, және иманда болған момын мұсылмандарды сүйіншілейтін Кітап, оларды қуантататын Кітап, оларға үлкен сауаптың болатындығын хабарлайтын Кітап», дейді.

Яғни, кімде-кім құлшылықтарын толық орындап, момын мұсылман халінде бұл өмірден өтетін болса, соларға Алланың құзырында сый-сыяпат, Алланың разылығы, Жәннаты бар екендігін, ол Пайғамбардың шапағатына лайықты болатындығын хабарлайтын Кітап. Сондықтан, бұл Кітап момын мұсылмандар үшін осындай қуаныш, сүйінші кітабы. Аллах Тағала бұл Кітапты барша дұшпандық, қастандықтың сақтап қойған. Тағы бір аятта айтады:

«Біз бұл Кітапты, бұл зікірді түсірдік. Алла Өзінің тарапынан Пайғамбарына, Пайғамбары әрі қарай сахабаларға жеткізді, үйретті және оны Біз өзіміз сақтаймыз. Бұл Құранның алдынан да, артынан да, ортасынан да, жан-жағынан да ешқандай өзгеріс ене алмайды. Аллах Тағала бұл Кітапты Қияметке дейін Өзі сақтап қойған».

Қазір біз тарихты қарайтын болсақ, 14 ғасырдан бері, ешбір әріпіне дейін, ешбір аяты, сөзі, сөйлемі өзгермей келе жатқан Құраннан басқа кітапты көре алмаймыз. Сондықтан, Аллах Тағала Өзім сақтаймын, бұл Кітап өзгермейді, мәңгілік осылай жалғаса береді, сақталады, деп кепілдік берілген - Аллах Тағаланың сөзі, Құраны.

Кімде-кім өзгермейтін Кітапты оқығысы келсе, онда Құранды оқу керек. Кімде-кім ешбір күдік болмаған Кітапты оқығысы келсе, онда ол Құранды оқысын. Аллах Тағала Құранды үйренген, үйреткен адамдарды жақсы көреді. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің хадисінде айтады:

«Сендердің ең жақсыларын Құранды үйреніп, сосын оны үйреткендерін».

Егер де кімде-кім Құранды үйренсе, Оны меңгеріп, ұстанса, өзі соған амал етсе, әрі қарай оны басқаларға үйрететін болса, онда ол Алланың құзырындағы ең хайырлы, ең абзал адамдардан, Аллах Тағаланың сүйікті құлдарынан. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Құранды жаттай отырып оқыған құл, Алланың алдында құрметті періштелермен дәрежесі бірдей болады».

Яғни, кімде-кім Құранды жаттап, оқитын болса, Құранға кім амал етіп, құндылықтарын ұстанып өмір сүретін болса, Аллах Тағала оның дәрежесін осылай періштелердің дәрежесіне дейін көтереді екен.

Рамазан айы – ол Құран айы. Рамазан айы – бұл Алланың Кітабын көбірек оқып, үйренетін ай. Рамазан айы осылай өзіміздің дәрежемізді Құранмен көтеретін, руханиятымызды Құранмен әрі қарай байытатын, үлкейтетін сондай бір мектеп.

Аллах Тағала Құранды оқып, оны үйреніп және басқаларға үйрететін Өзінің қайырлы, абзал, сүйікті құлдарынан қылсын. Аллах Тағала Құранмен баршамызды, елімізді, үмметті құрметті қылсын. Келесі кездескенше, аман-сау болайық.

© Авторские права на статьи и осуществленные переводы статей из других источников принадлежат сайту Azan.kz.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.